

БЕКІТЕМІН
Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту вице-министрі
Е. Осман

2025 жылғы «21» _____



**2025-2030 жылдарға арналған білім беру ұйымдарында
инклюзивті мәдениетті қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

№	Іс-шараның атауы	Орындалу мерзімі	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Мақсатты аудитория
1	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды сүйемелдеу бойынша ұсыныстар әзірлеу	2026 жылдың наурыз айы	Әдістемелік ұсынымдар	«Өркен» Балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты	Білім беру ұйымдары, педагогтер, ата-аналар
2	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалары бар отбасыларды қабылдау және ресурстық қолдау ортасын құру бойынша Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарында ата-аналар үшін сабақтар әзірлеу	2025 жылдың тамыз айы	Сабақтар	«Өркен» Балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты	Ата-аналар
3	Инклюзия және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен отбасыларды бейімдеу мәселелері бойынша білім беру ұйымдарында Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының сабақтарын өткізу	Оқу жылы бойы жыл сайын	Ақпаратты мектептің сайтында және әлеуметтік желілердегі парақшаларында орналастыру	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары, білім беру ұйымдарының басшылары	Ата-аналар, педагогтер
4	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жағдайын	2026 жылдың қаңтар айы	Диагностикалық құралдар жинағы	«Өркен» Балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық	Білім беру ұйымдары,

	диагностикалау және бақылау жүйесін енгізу			ғылыми-практикалық институты	педагогтер, ата-аналар
5	«Инклюзивті білім беру: ата-аналарға маңызды ақпарат» тақырыбында ата-аналарға арналған консультациялар ұйымдастыру	Оқу жылы бойы жыл сайын	Ақпаратты мектептің сайтында және әлеуметтік желілердегі парақшаларында орналастыру	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары, білім беру ұйымдарының басшылары	Ата-аналар
6	Мектептің педагогикалық кеңесінің күн тәртібіне білім беру ұйымында инклюзивті мәдениетті қалыптастыру мәселесін енгізу	Жыл сайын	Педагогикалық кеңесі отырысының хаттамасы	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары, білім беру ұйымдарының басшылары	Білім беру ұйымдарының педагогтері мен басшылары
7	Инклюзивті білім беру тәжірибелерін іске асыратын педагогтердің нетворкингін құру	2025-2026 жылдар	Білім беру басқармасының сайтындағы желілік қауымдастық (нетворкинг)	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары, білім беру ұйымдарының басшылары	Білім беру ұйымдарының педагогтері мен басшылары
8	Психологиялық-медициналық педагогикалық консультациялар, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері, оналту орталықтары, аутизм орталықтары, арнайы мектептер тарапынан инклюзивті білім беру жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту бойынша жалпы білім беру ұйымдарына консультативтік көмек көрсетуді ұйымдастыру	Оқу жылы бойы жыл сайын	Бірлескен жұмыс жоспары	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары, білім беру ұйымдарының басшылары, Әдістемелік кабинеттер	Білім беру ұйымдарының педагогтері мен басшылары
9	2025-2030 жылдарға арналған ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуға қолайлы жағдайлар мен орта құру бойынша	2025-2026 оқу жылы	Концепция	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары, білім беру ұйымдарының басшылары	Білім беру ұйымдарының басшылары

	мектептің даму тұжырымдамасын әзірлеу («Білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруге жағдай жасау бойынша әдістемелік ұсыныстарды бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 12 шілдедегі № 178 бұйрығына негізделген)				
10	«Ерекше күндерге» арналған тақырыптық ақпараттық материалдарды білім беру ұйымдарының ақпараттық стендтерінде, кітапханаларында, ресми сайттарында және әлеуметтік желілерінде ақпараттандыруды арттыруға, төзімділік сезімін қалыптастыруға және ерекше қажеттіліктері бар адамдарды қолдау мақсатында орналастыру (Халықаралық мүгедектер күні, Халықаралық сирек кездесетін аурулар күні, Халықаралық Даун синдромы бар адамның күні, Дүниежүзілік аутизмі бар адамның күні, Дүниежүзілік қант диабетімен күресу күні және басқалары).	Оқу жылы бойы жыл сайын	Ақпаратты мектептің сайтында және әлеуметтік желілердегі парақшаларында орналастыру	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары, білім беру ұйымдарының басшылары	Педагогтер, оқушылар, ата-аналар
11	«Толеранттылық — қазіргі заман жағдайында тұлғаның өмірлік ұстанымының негізі», «Толеранттылық — адамның құқықтарының ерекше құндылығы», «Құрылымдық	Оқу жылы бойы жыл сайын	Ақпаратты мектептің сайтында және әлеуметтік желілердегі парақшаларында орналастыру	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары, білім беру ұйымдарының басшылары	1-11 сынып оқушылары

	қарым-қатынас психологиясы» тренинг элементтері бар психологиялық практикумдарды жүргізу				
12	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың мектеп парламенті президентін сайлауға кандидат ретінде қатысуын ұйымдастыру, оқушылардың өзін-өзі басқаруында көшбасшылық рөлдерге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында	Оқу жылы бойы жыл сайын	Ақпаратты мектептің сайтында және әлеуметтік желілердегі парақшаларында орналастыру	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары, білім беру ұйымдарының басшылары	6-11 сынып оқушылары
13	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен іс-шаралар мен жобаларды өткізу үшін жоғары сынып оқушылары арасынан еріктілерді дайындау	Оқу жылы бойы жыл сайын	Ақпаратты мектептің сайтында және әлеуметтік желілердегі парақшаларында орналастыру	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары, білім беру ұйымдарының басшылары	8-11 сынып оқушылары
14	«Тағдырыңның кілті – өз қолыңда!» атты ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар арасындағы танымал және табысты мектеп түлектерімен мотивациялық кездесулер өткізу	Оқу жылы бойы жыл сайын	Ақпаратты мектептің сайтында және әлеуметтік желілердегі парақшаларында орналастыру	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары, білім беру ұйымдарының басшылары	1-11 сынып оқушылары
15	Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған арнайы мектептердің оқушыларының шығармашылығы көрмелерін жалпы білім беретін мектептерде ұйымдастыру	Оқу жылы бойы жыл сайын	Ақпаратты мектептің сайтында және әлеуметтік желілердегі парақшаларында орналастыру	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары, білім беру ұйымдарының басшылары	Педагогтер, оқушылар, ата- аналар
16	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қатысуымен театрландырылған қойылымдар ұйымдастыру	Оқу жылы бойы жыл сайын	Ақпаратты мектептің сайтында және әлеуметтік желілердегі	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары, білім беру ұйымдарының басшылары	1-8 сынып оқушылары

			парақшаларында орналастыру		
17	Мектеп спорт бағдарламасына бейімделген спорт түрлерін енгізу	Оқу жылы бойы жыл сайын	Ақпаратты мектептің сайтында және әлеуметтік желілердегі парақшаларында орналастыру	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары, білім беру ұйымдарының басшылары	1-11 сынып оқушылары
18	Әртүрлі мүмкіндіктері бар балалардың қатысуымен бейімделген үйірмелер мен секцияларды ашу	Оқу жылы бойы жыл сайын	Ақпаратты мектептің сайтында және әлеуметтік желілердегі парақшаларында орналастыру	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары, білім беру ұйымдарының басшылары	1-11 сынып оқушылары
19	Паралимпиада ойындарының қатысушыларымен кездесулер ұйымдастыру	Оқу жылы бойы жыл сайын	Ақпаратты мектептің сайтында және әлеуметтік желілердегі парақшаларында орналастыру	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары, білім беру ұйымдарының басшылары	Педагогтер, оқушылар, ата-аналар
20	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға қолдау көрсету, түсіну және құрмет көрсету тақырыптары қамтылған көркем әдеби шығармаларды оқу мен талқылауды ұйымдастыру («Цветик-семицветик» (В.П. Катаев), «Аленький цветочек» (С.Т. Аксаков), «Карлик Нос» (В. Хауф), «Стойкий оловянный солдатик» (Г.Х. Андерсен) және т.б.).	Оқу жылы бойы жыл сайын	Ақпаратты мектептің сайтында және әлеуметтік желілердегі парақшаларында орналастыру	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары, білім беру ұйымдарының басшылары	1-8 сынып оқушылары
21	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған	Өткізу кезеңінде	Ақпаратты мектептің сайтында және	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың білім	1-11 сынып оқушылары

	«Жұлдызай» республикалық балалар шығармашылығы фестиваліне оқушылардың қатысуын ұйымдастыру	.	әлеуметтік желілердегі парақшаларында орналастыру	басқармалары, білім беру ұйымдарының басшылары	
22	«Abylimpics» бағыты бойынша өңірлік кәсіби шеберлік чемпионаттарын өткізу және оқушылардың республикалық чемпионатқа қатысуын ұйымдастыру	Өткізу кезеңінде	Ақпаратты мектептің сайтында және әлеуметтік желілердегі парақшаларында орналастыру	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары, білім беру ұйымдарының басшылары	Колледж оқушылары

Ескерту:

- Барлық іс-шаралар ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар балалар үшін барлық балалармен бірлесіп өткізілуі тиіс (ЕБҚ бар балаларға арнап жеке іс-шаралар өткізілмейді);
- ЕБҚ бар балаларды топ ішінде бөліп көрсетпеу, оларды «алдыңғы қатарға» шығармау;
- Іс-шаралар қайырымдылық мақсатында өткізілмеуі тиіс (егер ЕБҚ бар балаларға сыйлықтар берілсе, дәл сондай сыйлықтар сыныптағы, мектептегі барлық балаларға табысталуы қажет).